

Бірлік негізгі орта мектебінің 2022-2023 оқу жылының ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫНА ТАЛДАУ

Тәрбие жұмыстары барлық ынталы тараптар: отбасы, білім беру ұйымдары, қоғамның кең ауқымда қатысуымен кешенді түрдегі бірлескен жұмыс.

Тәрбие жұмысының мақсаты:

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі №145 бұйрығы негізінде 2019-2024 жылдарға арналған «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру аясында тәрбиенің Тұжырымдамалық негіздерін іске асыруды ұйымдастыру;
- Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес оқу-тәрбие жүйесі білім берудің барлық деңгейлерінде бірыңғай идеологиялық және құндылықтар тәсілдеріне құрылады. Тәрбие жұмыстары барлық ынталы тараптар: отбасы, білім беру ұйымдары, қоғамның кең ауқымда қатысуымен кешенді түрде жұмыс жүргізу;
- Білім мазмұнын жаңарту жағдайында балалар мен оқушы жастарды тәрбиелеудің идеологиясы мен стратегиясын анықтау;
- Қазақстан Республикасының азаматтары және патриоттары ретінде қалыптасуы мен өзін-өздері танытуларына, әлеуметтенуіне, болашақ мамандық иесі болып, кәсіби, интеллектуалды және әлеуметтік шығармашылыққа жетуіне оңтайлы жағдай жасау.
- Адами капиталдың сапасын жақсарту мақсатында жастар патриотизм тәрбиелеуге және мұғалімдердің сана-сезімін жаңғыртуға аса мән береді.

Тәрбие жұмысының міндеттері:

1. Жаңа демократиялық қоғамда өмір сүруге қабілетті азамат пен патриоттың қалыптасуына; тұлғаның саяси, құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін қалыптастыруға; балалар мен жастардың құқықтық санасының өсуіне, оның балалар мен жастар ортасындағы қатыгездік пен зорлық-зомбылық көріністеріне қарсы тұруға дайын болуына ықпал ету.
2. Тұлғаның рухани-адамгершілік және этикалық принциптерін, оның қазақстандық қоғам өмірінің нормалары және дәстүрлерімен келісілген моральдық қасиеттері мен мақсаттарын қалыптастыруға ықпал ету.
3. Тұлғаның жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарға бағдарлануына, ана тілі мен қазақ халқының, Қазақстан Республикасында тұратын этностар мен этникалық топтардың мәдениетін құрметтеуіне ықпал ету.
4. Бала тұлғасын қалыптастыруда ата-аналардың ағарту жұмысын, психологиялық-педагогикалық құзыреттіліктерін күшейтуге, бала тәрбиесі үшін олардың жауапкершілігін арттыруға ықпал ету.
5. Тұлғаның еңбек дағдыларын, экономикалық ойлауы мен кәсіби қалыптасуы мен өзін-өзі іске асыруына саналы қарым-қатынас қалыптастыру, экологиялық мәдениетін дамыту, сондай-ақ эволюция идеяларын қабылдау қабілетіне және оны күнделікті өмірде басшылыққа алуына ықпал ету.
6. Әрбір тұлғаның зияткерлік мүмкіндіктерін, көшбасшылық қасиеттерін және дарындылығын дамытуды қамтамасыз ететін уәждемелік кеңістік қалыптастыру, оның ақпараттық мәдениетін қалыптастыруға ықпал ету.
7. Білім беру ұйымдарында көпмәдениетті орта құруға ықпал ету, жалпымәдени мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, тұлғаның өнерде және болмыста эстетикалық нысандарды қабылдау, меңгеру және бағалау әзірлігін дамыту.

8. Салауатты өмір салты дағдыларын тиімді меңгеру, дене дамуы мен психологиялық денсаулықты сақтау, денсаулыққа зиян келтіретін факторларды анықтау біліктілігін ойдағыдай қалыптастыру үшін кеңістік орнату.
9. Балалар мен жастардың бойында Қазақстанға сырттан енуші этнодини экстремизм мен түрлі радикалды ағымдарға қарсы әрекет ете алатын дағдылар қалыптастыру.
10. Патриотизм кіндік қаның тамған жеріңе, өскен аулыңа, қала мен өңіріңе, яғни туған жерге деген сүйіспеншіліктен басталады. Туған жерге, оның мәдениетіне, салт-дәстүріне айрықша іңкәрлікпен атсалысу – шынайы патриотизмнің маңызды көріністерінің бірі, ұлт ететін мәдени-генетикалық кодтың негізі.

Күтілетін нәтижелер:

Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері:

- Қазақстанда жеке тұлға іс-әрекетінің дұрыс уәждемелік-құндылықты аясын; Білім алушы жастарда қазақстандық патриотизмді, азаматтық өзіндік санасын, құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті, толеранттылық және рухани-адамгершілік қасиеттерді қалыптастырудың артып отырған деңгейін;
- Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар арқылы мәдениет негіздерін, ана тілі мен мемлекеттік тілге және этномәдениетке құрметі;
- Рухани дамыған және жоғары адамгершілікті тұлға қалыптастыруда білім беру мазмұнының тәрбиелік әлеуетін күшейтуді;
- Бала тұлғасын қалыптастыруда ата-аналардың психологиялық-педагогикалық құзыреттіліктерін арттыруды, қамқоршылық кеңестерінің рөлін көтеруді;
- Білім беру ұйымдарында көпмәдениетті орта құру, тұлғаның өнердегі және болмыстағы эстетикалық нысандарды қабылдау, меңгеру және бағалау әзірлігін дамытуын;
- Тұлғаның дамыған экономикалық ойын және кәсіби қалыптасуға саналы қарым-қатынасын қалыптастыруды;
- Табиғатты сақтауда белсенді азаматтық ұстанымын; экологиялық сауаттылығы мен мәдениетінің жоғары деңгейін;
- Табысты әлеуметтенуді, өздігімен білім алу мен өзін-өзі жүзеге асыруды, отбасы институтының өзін-өзі дамытуы мен өзін-өзі тәрбиелеуін нығайтуға саналы түрде қатысуын қамтамасыз етуі тиіс.
- Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздерінің жалпы векторы үйлесімді, жан-жақты дамыған, рухани-адамгершілік қасиеттері бар, таңдау жасау жағдайында өздігімен шешім қабылдауға даяр, ынтымақтастыққа және мәдениетаралық қарым-қатынасқа қабілетті, елінің тағдыры үшін жауапкершілік сезімі бар.

Іске асыру тетіктері:

- Білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламаларын, Тәрбиенің кешенді бағдарламасын, Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын, барлық үлгідегі, деңгейдегі және меншік түріндегі білім беру ұйымдарында оқу бағдарламалары мен оқулықтарды, тәрбие бағдарламаларын әзірлеуде Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері негіз болады.

Негізгі орта білім беру ұйымында тәрбие жұмыстарын ұйымдастырудың нормативті-құқықтық базасы келесідей құжаттарға сәйкес жүргізіледі:

- 1) Бала құқықтары туралы БҰҰ Конвенциясы;
- 2) Қазақстан Республикасының Конституциясы;
- 3) «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 26 желтоқсандағы № 518-IV Кодексі;
- 4) «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы № 345 Заңы;

5) «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 4 желтоқсандағы № 214-ІҮ Заңы;

6) «Балаларды денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 2018 жылғы 2 шілдедегі № 169- VI Заңы;

7) «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Заңы;

8) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №988 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы;

9) ҚР БҒМ 2019 жылғы 15 сәуірдегі №145 бұйрығымен бекітілген «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері;

10)ҚР БҒМ 2020 жылғы 12 маусымдағы № 248 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасында өлкетануды дамытудың тұжырымдамалық негіздері.

ТӘРБИЕНІҢ БАСЫМ БАҒЫТТАРЫ:

Тәрбие жұмысының негізін жалпыадамзаттық құндылықтар (*сенім, ақиқат, әсемдік, бостандық, қайырымдылық, жақсылық, махаббат, және т. б.*) және ұлттық құндылықтар – (*тәуелсіздік, патриотизм, толеранттылық, ана тілі, заңға бағынушылық, этникалық мәдениет, салт-дәстүр*) құрайды.

Тәрбиелік іс-шаралар нәтижесін көру үшін, біз өз алдымызға мынадай мәселе қойдық: **Ұлттық рухы биік, адамгершілігі жоғары, салауатты өмір салтын ұстанатын, елінің өткенін құрмет тұтып, ертеңіне өз ісін қосуды парызым деп білетін жан-жақты білімді, қабілетті, жаңашыл тұлға қалыптастыру.**

Сынып жетекшілер отырысында талқыланып, бекітілді. Сынып жетекшілер де тұжырымдаманың 8 бағыты бойынша жұмыс жүргізіп отырды.

Бірінші бағыт – Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие

Мақсаты: Жаңа демократиялық қоғамда өмір сүруге қабілетті азаматты және патриотты; тұлғаның саяси, құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін; балалар мен жастардың құқықтық санасын, оларда балалар мен жастар ортасындағы қатыгездік пен зорлық-зомбылыққа қарсы тұру даярлығын қалыптастыру.

Жыл сайын еліміздің Президенті Қ.Ж.Тоқаевтың Жолдауын «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі»,«Жаңа жағдайдағы Қазақстан- іс-қимыл кезеңі»,«Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» мектеп директоры мұғалімдерді, мектеп қызметкерлерін, ата-аналарды таныстырып, жан-жақты талқылайды. Сынып жетекшілер болса оқушылармен сынып сағаттарын өткізеді. Президентсаясатымен таныстырып, еліміздің болашағына қадамдармен танысу мақсатында өткізіледі. 22 қыркүйек тілдер мерекесіне «Тіл тірегім-соғып тұрған жүрегім» атты онкүндік өтті. Жоспар құрылып, ашық тәрбие сағаттарымен түрлі сайыстар өткізілді, сонымен қатар мерекелік іс-шара ұйымдастырылды. Іс-шараны өткізудің мақсаты: ҚР Президентінің «Тілдерді қолдану мен дамытудың 2011 – 2021 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын» жүзеге асыру мақсатында мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейтуге үлес қосу.1-9 сынып оқушыларымен сынып жетекшілері оқушылардың бойында өз еліне, туған жеріне деген сүйіспеншілігін арттыру мақсатында «Ауылым – алтын бесігім», «Ауылымның көрікті жерлері», «Мектебім - мақтанышым», «Ауылдық өмір мен

қалалық өмір», «Тарихы терең - ауылым» тақырыптарында сынып сағаттары, суреттер, фотоколлаждар байқауы ұйымдастырылды, еліміздің жетістіктеріне тоқталатын, оқушының бойында патриоттық сезім оятатын «Жаса мәңгі – Тәуелсіздік!», «Еліміздің еркіндігі – Тәуелсіздік!», «Тәуелсіздік – орындалған арман. Қазақстан жолы» тақырыптарында сынып сағаттары өткізілді. Тәуелсіздікке арналған мерекелік іс-шара барысында олимпиадаға, спорттық сайыстарға қатысқан оқушылар мен ұстаздар марапатталды.

1 қыркүйек - Білім күніне арналған «Мектебім алтын бесігім» атты салтанатты жиын өтті. **«Терең білім, еңбекқорлық және отаншылдық қасиет»** атты бірыңғай сынып сағаттары өткізілді.

Сілтемесі: <https://www.instagram.com/p/Ch9pOIGthnP/?igshid=MWI4MTIyMDE=>



Белсене қатысқан оқушыларды марапаттау рәсімі өтті.

Ахмет Байтұрсынұлына арналған іс-шара сілтемесі:

<https://www.instagram.com/p/CiZzf6UNdz6/?igshid=MWI4MTIyMDE>



Қазан айында жоспары бойынша 5 – 9 сынып аралығында **«Оқушы ережесінің сақталуы»** тақырыбында ұлдар, қыздар жиналысы өтті. Ұланбасы сайлауы ұйымдастырылды. «Ұланбасы» сайлауына 3 үміткер түсті. Сайлауалды ақпараттық насихат жұмысы мына бағытта іске асырылды:

- үміткерлер өзінің болашақ әрекеті туралы сайлауалды бағдарламаларымен таныстырды.

5 – 9-сынып оқушылары және мектеп ұстаздары дауыс берді. Дауыстарды есептеу нәтижесі сайлау комиссиясымен тексеріліп, сайлау комиссиясының төрағасы мен мүшелері қол қоятын хаттамаға тіркеді.

Мектеп парламентін сайлау сілтемесі: <https://www.instagram.com/p/Ci1q-aRtGgy/?igshid=MTc4MmM1YmI2Ng==>

<https://www.instagram.com/p/Ci9f07LNU-S/?igshid=MTc4MmM1YmI2Ng==>



«Ұланбасы» сайлауының қорытындысы бойынша ұлықтау рәсімі өткізілді. Көпшіліктің таңдауы бойынша Сәлемгер Шыңғысхан мектеп ұланбасы болып сайланды.

Қазан айында Республика күні мерекесі кеңінен аталды. «Қазақстан-ортақ Отанымыз» атты мереке әр оқушының бойында ұлтжандылық пен ұлттық рух қалыптастырып, мемлекетімізде өмір сүріп жатқан әр ұлтқа құрмет пен сыйластық туғызуға бағытталды. Әр сынып бір ұлтты таңдап алып, ұлттық костюмін киіп, әнін жырлап, биін биледі. Барлық ерекшеліктерін ортаға салып, менталитеті мен дәстүрлерін көрсетті. Оқушылар үлкен ықыласпен дайындалып, қошемет білдірді.

<https://www.instagram.com/p/CkESJXKNwe6/?igshid=MTc4MmM1YmI2Ng==>

<https://www.instagram.com/p/CkEROJItPE9/?igshid=MTc4MmM1YmI2Ng==>



1-4 сынып оқушыларына «Жол қауіпсіздік ережелері» тақырыбында дәріс оқытылды.

Мектебімізде «Қауіпсіз балалық шақ» атты біріктірілген іс-шара ұйымдастырылды. Жиын барысында балаларға өрт қауіпсіздігі туралы ақпараттар беріліп, Төтенше жағдай орын алғанда ең алдымен не істеу керек? Кімді көмекке шақыру керек? Оттан өзімізді қалай алып шығамыз? - деген сұрақтар төңірегінде кеңінен сұхбат жүргізілді.



Алқаағаш негізгі мектебінде Тәуелсіздік күніне арналған жоспар аясында жоғары сынып оқушыларымен "Менің Қазақстаным" атты интеллектуалды сайыс өткізілді. **Сілтемесі:** <https://www.instagram.com/p/CmokHGotR8Q/?igshid=YmMyMTA2M2Y=>



Мектеп психологі Г.Р. Тугумбаева мектеп оқушыларына арналған психологиялық жадынамалар таратып, сенім телефондарымен мектеп оқушыларын таныстырды, сонымен қатар мектеп әкімшілігі және психологі оқушыларға анонимдік хаттар үшін жәшіктер орнатып, оның тұрақты жұмыс істеуіне бақылау жасайды. Сынып жетекшілер мектеп психологі, мектеп оқушылары мен ата-аналарға құқықбұзушылықтың, суицидалды мінез-құлықтың алдын-алу бойынша семинар кеңестер, лекциялар мен психологиялық жиналыстар өткізді. Мектеп психологі Г.Р. Тугумбаева мектеп оқушылары арасындағы зорлық-зомбылықтың, бопсалаушылықтың, құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында сауалнама жүргізіп, нәтижесін өңдеп, тренинг өткізді.

Сілтемесі: <https://www.instagram.com/p/Cmolr7uNxcU/?igshid=YmMyMTA2M2Y=>

Жыныстық сипаттағы қылмыстың алдын алу бойынша қыздар мен ұлдар жиналысы өткізіліп, ұлттық тәрбие туралы дәрістер оқылды. Кесте бойынша сынып жетекшілер мен тәрбие ісінің орынбасары бала еңбегін қанаудың және тәртіп бұзушылықтың алдын алу мақсатында кешкілік реидтер жүргізіп тұрады.

"Адал ұрпақ" еріктілер клубының ұйымдастыруымен республикалық "Бала құқығы- адам құқығы", "Зорлық- зомбылықсыз балалық шақ" онкүндік аясында "Бала зорлығы-қоғам қасіреті» тақырыбында тәрбие сағаты өткізілді.

«20 қараша – Бүкіләлемдік балаларды қорғау күніне» Республикалық «**Осы шақ пен болашақ: балалық шағы қорғалған**» сынып сағаттары өткізілді.



Республикалық бірыңғай балалар мен жасөспірімдер «Жас ұлан» ұйымы жоғарғы деңгейде жұмыс атқарды. Тәуелсіздік күніне оқушылардың сана сезімі мен патриоттық тәрбиесін арттыру мақсатында "Жас Қыран" ұйымына 1-4 сынып оқушылары қабылданды. **"Жас Қыранның"** мақсаты: өскелең жас ұрпақтың бойында патриоттық, білім мен өзін-өзі жетілдіруге деген құштарлық, беріктік, Отан тарихына, Тәуелсіз Қазақстанның бүгіні мен болашағына деген жауапкершілікті қалыптастыру. Осы ұйымдар ға оқушылар кіре отырып ант қабылдап, болашақ та білім беріп отырған мектебізде тек қана жақсы жаңалық тармен қуантып үздік оқу ға, тәртіпті болуға уәде берді.

Мектебімізде ақпан айында Ауғанстаннан Кеңес әскерінің шығарылған күне орай салтанатты іс шара өткізілді.



<https://www.instagram.com/p/Co3teaaNENF/?igshid=YmMyMTA2M2Y=>

<https://www.instagram.com/p/Co3uxiDNIis/?igshid=YmMyMTA2M2Y=>

«Ерлік-жан дүниенінің ұлы қасиеті» деген екен бір дана қария. Өмірінің өлшеулі бір бөлігі, жауқазын жастық шағының сүзбелі үлесін оқпен от астында өткізіп, тағдардың жазуымен елге аман-сау оралып, туған жерімен қауышқан майдангерлер ағаларымен кездесу - біз үшін бір ғанибет.

Оқушыларға қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие мақсатында 5-9 сыныптарында «Менің құқым қандай?» тақырыбында құқықтық сауаттылық бойынша сыныптан тыс сабақ өткізілді. Сабақта оқушы өз құқығы мен міндеттерін білді. Әр оқу жылындағы құқық бұзушылықтың алдын алу жұмыс жоспарына сәйкес қаңтар айы бойы оқушылардың құқықтық сауаттылығын арттыру, құқық бұзушылық және қылмыс белгілерімен түрлерімен таныстыру, жасөспірімдердің құқықтары мен міндеттерімен таныстыру. Қоғамның заңдары мен нормаларын орындауға, құқықтарын біліп оны құрметтеуге тәрбиелеу мақсатында онкүндік іс-шара жоспары жасалынып өткізілді.

Сілтемесі:https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid0dHDZcyMtMnR2eiTTz5Z3aqqxUq4Ejkq8Z3HpELv1Tsv6qW9wx5HeXsG3WDL1isj1&id=100042610594828&sfnsn=mo&mibextid=VhDh1V



Қаңтар айы бойы мектебімізде оқушыларға құқықтық сауаттылықтың ашылуы туралы лездеме өткізілді. Мақсатты мен міндеттері туралы мәліметтер беріліп, өткізілетін іс-шара тақырыптарымен таныстыру жұмыстары жүргізілді.

Мектепте құқықбұзушылықтың алдын алу жұмыстары жүйелі жүргізілгендіктен және мектеп инспекторымен, ата-аналармен біріккен түрде жұмыс атқарылғандықтан мектепшілік есепте, Ішкі істер бөлімінің есебіне оқушы тіркелген жоқ.

Психолог Г.Р. Тугумбаева терроризм және діни экстремизмнің алдын алу бойынша төменгі сынып оқушыларымен психологиялық тренинг өткізді.



Патриотизм – отбасына, туып-өскен ортасына, топырағы мен табиғатына, еліне деген құрметтен бастау алады. Өз ұлтын, жерін сүйіп, оның мұңын мұңдап, жоғын жоқтайтын адам ғана шынайы патриот бола алады. Оны зорлықпен, нұсқаумен жүргізу мүмкін емес. Қазіргі күні жастарымыздың бойындағы отаншыл рух, патриоттық сезім қай деңгейде?” деген сауалдардың бізді ойландыруы заңдылық.

Нәтижесінде

Оқушылардың патриоттық сана –сезімдерін қалыптастыру арқылы өз Отанына, туған жеріне деген сүйіспеншілігі оята отырып, өз мақсатыма жеттік.

Екінші бағыт – Рухани-адамгершілік тәрбие

Мақсаты: Тұлғаның қазақстандық қоғам өмірінің жалпыадамзаттық құндылықтарымен, нормаларымен және дәстүрлерімен келісілген рухани-адамгершілік және этикалық ұстанымдарын, моральдық қасиеттерін және көзқарастарын қалыптастыру.

«Отбасы -тәрбие басы, мектеп – тәрбие жаршысы» атты бірыңғай сынып сағаты аясында оқушылар үшін жаңа формаларды пайдалана отырып, түрлі танымдық және тақырыптық тәрбиелік іс-шараларды өткізілді. 1-9 сынып оқушыларда сынып сағаттар ұйымдастырылды.

Ұлағатты ұстаздар мерекесі күні «Ұлағатты –ұстазым» атты сынып сағаттары өткізіліп, 1 қазан мұғалімдерге арналған мектепшілік іс-шара ұйымдастырылды. 1- 9 сынып оқушыларының ұйымдастырылуымен мұғалімдерге қабырға газеттері ілініп концерт өткізілді. Бұл күні «Парламент» оқушылар ұйымы өзін – өзі басқару күнін ұйымдастырды, яғни оқушылар пән мұғалімдері орнына сабақ береді, бір күндік қызметін атқарды. Фейсбук желісіндегі парақшасында жарияланды.

Осы өмір жолында барлығымызға қатысы бар мерекелер болады. 1 қазан күні сол мерекелердің бірі Қарттар күні мейрамын тойлаймыз. Аталған күні, аға буын өкілдеріне тиісті құрмет көрсетіп, еліміздің дамуы мен құрылуына орасан зор еңбек етіп, ерлік жасаған жандарға алғысымызды білдіреміз.



«Қарттарын қадірлеген ел ардақты», «Ақылды қария – ағып жатқан дария», «Бір күнде – бір жақсылық жасайық» оқушылар ауылымыздың қарттарына әдеби-сазды кеш әзірлеп, жалғыз басты қариялардың үйлерінің маңайын жинасуға көмектесті. «Ұстаз – мектептің жүрегі» білім нәрімен сусындатып жатқан ұстаздарға оқушылар құттықтау дайындап, құттықтау хаттарын жолдады. «11 қазан – Халықаралық қыздар күні», ««Рухани жаңғыру» еліміздің дамуының басты бағдары», «Үлкенге құрмет, кішіге ізет», «Қазақстан өнер жұлдыздары» «Даламды әнмен тербедім», «Ауған соғысы – жүректегі жазылмайтын жара» тақырыбында ауған соғысының ардагерімен кездесу өткіздік.

Жыл сайын ақпан айында «Өзін-өзі тану: Махаббат пен шығармашылық педагогикасы» атты онкүндік аясында оқушыларымен тренинг сабақтар, «Жүректен жүрекке» сынып сағаттары өткізіледі. Апталық барысында оқушылар бір-біріне деген жылы лебіздерін білдірді.

"Гендерлік зорлық-зомбылыққа қарсы белсенділіктің 16 күні" жахандық науқанына қатысты "Әйелдер мен қыздарға қатысты зорлық-зомбылықты бірге тоқтатамыз" тақырыбы бойынша өткізіліп жатқан акция аясында 7-9 сынып оқушыларымен "Зорлық-зомбылықсыз өмір" атты тәрбие сағаттары өткізілді.

Сілтемесі: <https://www.instagram.com/p/CIEXNfxNMny/?igshid=MzRIODBiNWFIZA==>



Нәтижесінде

Оқушылар өз міндеттерін түсінетіндерін және өз еріктерімен қабылдай алатындарын, өз іс әрекеттерін дұрыс бағалауға, дамыта жетілдіруге, өзін танып білуге баули отырып, өз мақсатына толық жеттім.

Үшінші бағыт – Ұлттық тәрбие

Мақсаты: Тұлғаны ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтарға, ана тілін және мемлекеттік тілді, қазақ халқының, Қазақстан Республикасындағы этностар мен этникалық топтардың мәдениетін құрметтеуге бағдарлау.

Негізінде, мектебімізде Республика күніне байланысты өткізілген іс-шаралар да ұлттық тәрбие бағытын қамтиды. Оған дәлел, жоғарыда келтірілген фото суреттер болады.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздерін насихаттау, құрметтеу мақсатында «Мемлекеттік рәміздер-елдігіміздің нышаны» атты мектепшілік іс-шаралар жоспары құрылып, жұмыстар атқарылды. Оқу жылының басынан бастап әр дүйсенбінің бірінші сабағында мемлекеттік гимн айту ұйымдастырылды. Барлық сынып жетекшілер тәрбиенің жылдық жоспарына рәміздерді насихаттауға байланысты тақырыптарды енгізді. Мемлекеттік мереке күндерінде, салтанатты іс-шаралар басталғанда және әр дүйсенбі күндері барлық оқушылар орындарынан тұрып Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұранын орындайды.

Төртінші бағыт - Отбасы тәрбиесі

Мақсаты: Ата-аналарды оқыту, бала тәрбиесінде олардың психологиялық-педагогикалық құзыреттіліктерін және жауапкершіліктерін арттыру.

Мектебімізде оқушы, педагог, ата – ана үштігінің бала тәрбиесіндегі үйлесімділігін орнату, ата – аналармен серіктестік байланысын қалыптастыру мақсатында бірқатар жұмыстар атқарылуда. Жалпы ата – аналар жиналысы, ашық есік күндері тоқсанына өтіп отырады. Жиналыстарда бала тәрбиесі мен психологиясына қатысты «Менің

отбасым – сыйластық, жарастық орнаған орта» тақырыптарында баяндамалар мен есептер берілді. Ата – аналарға оқушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру мақсатында олардың мектептен тыс мекемелеріне, яғни өнер, спорт мектептеріндегі үйірмелерге жазылуға үгіт – насихат жұмыстары жүргізіліп келеді.

Нақты тоқталатын болсақ, отбасылық дәстүрлер туралы бейнетүсірілім, фотоколлаж, суреттер көрмесі , отбасы мүшелеріне деген сүйіспеншілік, адалдық, достық, ата-ана алдындағы борыш туралы сынып сағаттары өткізілді. «Отбасы-бақыт мекені» тақырыбында апталық барысында 1-4-сыныптарда «Менің отбасым» суреттер көрмесі, 5-7 сыныптарда «Анашыма сыйлық» байқауы, 8-9 сыныптарда «Отбасылық салт-дәстүрлер», бейнероликтер байқауы ұйымдастырылды. Мектепшілік ата-аналар жиналысы тоқсанына бір рет ұйымдастырылып өткізіледі.



«XXI ғасырдағы Қазақстандық ата-ана: Өз балаңа үлгі бол» тақырыбында Республикалық ата –аналар жиналысы өтті. Ата-аналар жиналысында білім сапасы, оқушылардың тәртібі, мектепте тәрбие бойынша өткізіліп жатқан іс-шаралар туралы қарастырылады. Ата-аналармен мектеп, ұстаздар, сынып жетекшілер тығыз байланыста жұмыс істейді. Сынып жетекшілер оқушылардың үйлерін аралап, оқу орнын, тұрмыс-жағдайын қадағалап отырады. Ата-аналар жиналысында тек ұстаздар ғана емес, сонымен қатар ата-аналар да белсенділік танытып, баяндама оқиды, өмірлік тәжірибелерімен бөліседі. Әр ата-аналар жиналысы белгілі бір тақырыпта өткізіледі. Нақты тоқталатын болсам:

1	«Оқу мен тәрбие егіз» «Құқық бұзушылықтың алдын алу.», «Жақсы бала, ата -ана қуанышы» «Ерте жүктіліктің алдын алу»	қыркүйек
2	«Компьютеромания. Компьютердің балалардың санасына әсері» «Баланың бас ұстазы -ата -ана» «Балаларға қатыгездік көрсетпейік» Бітіру сыныптарының үлгерімі. Сыныптардың ата-аналар комитетінің оқушылардың үлгерімін, білім сапасы мен тәртібін жақсартуға ат салысуы.	қараша

Нәтижесінде


Жанұядағы ата- ана мен бала арасындағы қарым- қатынасы нығая түсті.

Бесінші бағыт – Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие

Мақсаты: Тұлғаның өзін кәсіби анықтауына саналы қарым-қатынасын қалыптастыру, экономикалық ойлауын және экологиялық мәдениетін дамыту. Мектеп оқушыларының арасында еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбиені іске асыру мақсатында бірқатар шаралар жүргізілді.

Оқушылардың өзін - өзі тану арқылы қандай кәсіпке қабілетті екенін, кәсіптің алуан түрлілігін ұғындыру мақсатында мектеп психологы тарапынан жоғары сынып оқушыларына әр-түрлі мамандықтар туралы мәлімдемелермен хабардар ететін «Мен мамандық әлеміндемін», «Мамандықтың бәрі жақсы», «Мамандық әлеміне саяхат» деген тақырыптарда тренингтер өткізілді. Мамандықтың адам болашағындағы алатын орны, адам өміріндегі мәнін ұғындыру мақсатында кітапханада «Мен ғажайып мамандықтар әлеміндемін» бұрыш ұйымдастырылып, бітіруші түлектерге насихатталды. Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие беру және оқушыны шыдамдылыққа баулу және кәсіптік бағдар беру мақсатында студенттермен кездесу өткізілді.

Экологиялық мәдениетті қалыптастыруға, қоршаған әлемге ұқыпты қарау мақсатында «Ерте жастағы экологиялық мәдениет» жобасы аясында оқушылармен арнайы жоспар бойынша экологиялық сағаттар бар. Экологиялық сағаттар сыныпта және сыныптан тыс табиғат аясында өткізіледі. Еңбек және экономикалық тәрбие балалардың, жас өспірімдердің және жастардың өзіне-өзі қызмет көрсету шеберлігін және дағдыларын, еңбек қызметінің саналуан түрлеріне адалдықпен, шығармашылық және жауапкершілікпен қарап, ұжымда, топта жұмыс істей білу икемдігін қалыптастырады. Күзгі мезгілде сенбіліктер жиі өткізіліп, оқушыларды еңбекке баулу жүйелі жүргізіледі



<https://www.instagram.com/p/Cr3BJe7tL3H/?igshid=MzRIODBiNWFIZA>==

<https://www.instagram.com/p/CrvMfmLtivP/?igshid=MzRIODBiNWFIZA>==

Алтыншы бағыт - Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі

Мақсаты: Әрбір тұлғаның зияткерлік мүмкіндігін, көшбасшылық қасиеттерін және дарындылығын, сондай-ақ ақпараттық мәдениетін дамытуды қамтамасыз ететін уәждемелік кеңістік қалыптастыру.

Оқушылардың белсенді ойлау қызметін, ақыл – ойы мен білімге құштарлығын дамыту мақсатында түрлі интеллектуалды сайыстар мен басқа да іс – шаралар ұйымдастырылды.

Интеллектуалды тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу бағытында оқушылардың бойында білім құндылығын, зияткерлік ұстанымды, әрбір тұлғаның көшбасшылық қасиеттері мен дарындылығын, ал ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу кибермәдениет пен кибергигиенаны қалыптастырады. Зияткерлік тәрбие лингвистикалық, музыкалық, логикалық-математикалық, кеңістіктік, дене-кинетикалық, тұлғааралық, тұлға ішіндегі зияткерлік дамытуға бағытталып, жүзеге асуда. Мектеп оқушылары түрлі жарыстарға, олимпиадаларға, сайыстарға қатысып, аудан, облыс, республика көлемінде жүлделі орындарға ие болып, жетекшілері алғыс хатпен марапатталды. Мұғалімдер ұжымы да өз білімдерін көтеру мақсатында пәндік олимпиадаларға, ұстаздарға арналған сайыстарға қатысып, жүлделі орындар иеленіп жүр. Мектепте сыныптан тыс уақытта оқушылардың білімдерін нығайту мақсатында апталықтар ұйымдастырылады. Апталық барысында оқушылар арасында пән бойынша сайыстар, жас дарындар байқауы, білімділер додасы, «XXI ғасыр көшбасшысы», мәнерлеп өлеңдерді жатқа оқу, оқушылардың жұрт алдында сөйлеу мәнерін дамыту мақсатында көріністер, шешендік сөзден сайыстар өткізіледі.

Мектепте «Адал ұрпақ» оқушылардың дебаттық қозғалысы жалпыұлттық мәдени- білім беру жобасын іске асырылып, білім алушылардың командада жұмыс істеу дағдысын қалыптастыруға, қарама-қарсы пікірге құрметпен қарауға, өз көзқарастары мен пікірлерін белсенді қорғауға үйретуге мүмкіндік береді.

Дебат қозғалысының **мақсаты:** қоғамда орын алған проблемаларды жария талқылау және талдау арқылы білім алушылардың әлеуметтік және шығармашылық белсенділігін арттыру.

Дебат қозғалысының **міндеттері:** білім алушылардың құқықтық мәдениетін, азаматтық белсенділігін, жауапкершілігін, шығармашылық және сыни ойлау, даулы жағдайларды дипломатиялық жолмен шешу қабілетін қалыптастыру. Пікірсайысқа қатысатын оқушыларда ашықтық, өз ойын жүйелі айту, еріктілік, бірізділік, адалдық және өз әріптесін құрметтеу қабілеттері қалыптасып, дамиды. Дебатқа қатысушылар аталмыш міндет пен мақсатты өз алдарына қойып, түрлі мәселелерді көтеріп, шешу жолдарын ұсынады. Өз ойларын ортаға салып, пікір алмасады. Нақты көтерілген мәселелерге тоқталатын болсақ: «Үш тілді білу – заман талабы», «Тәуелсіз Қазақстанның жаһандық бастамалары. Халықаралық қауіпсіздікке қосқан үлесі», «Қоғамдық тәртіп негіздері», «Жемқорлықтың дамуына әсер ететін факторлар мен себептер», «Барлық жағынан жетістікке жетудің сыры неде?».



Ақпараттық мәдениетті қалыптастыру мақсатында білім алушыларға интернет-кеңістіктегі мінез-құлық мәдениеті, қарым-қатынас мәдениетіне, өз ойын білдіруге, әңгімелесушінің пікірін құрметтеуге, этикалық нормаларды сақтауға маңызды. Бүгінгі күні ақпараттық қауіпсіздік мәселесі өзекті, өйткені қазіргі таңда балалардың 70%-дан астамы интернетті пайдаланады, ұялы телефондары мен компьютерлері бар, сол арқылы кибербуллинг, электрондық кеңістіктегі алаяқтыққа осалдық танытады. Мектеп қабырғасынан бастап, халықаралық тәжірибені ескере отырып, балаларды киберқауіпсіздікке оқыту керек, онда олар хакерлердің желілік шабуылдарынан қауіпсіздікті қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін дағдыларды үйренеді. Мектеп психологі мен сынып жетекшілер киберқауіпсіздік, кибергигиена, кибермәдениет мәселелері бойынша ақпараттық оқыту сағаттарын өткізді.

Жетінші бағыт - Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие

Мақсаты: Тұлғаның жалпы мәдени мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, тұлғаның өнердегі және болмыстағы эстетикалық нысандарды қабылдау, меңгеру және бағалау әзірлігін дамыту, білім беру ұйымдарында көпмәдениетті орта құру.

Ашық коммуникативті, тәртіп қағидасын меңгерген, қарым – қатынас жүйесінде ашық пікір туғызушы тұлға тәрбиелеу мақсатында түрлі тақырыпта іс – шаралар өткізіліп отырады.

Жаңа жыл кеші.

Сілтемесі:

<https://www.instagram.com/reel/CnKkaGmBl-4/?igshid=MzRIODBiNWFIZA==>

<https://www.instagram.com/reel/Cms0v1rBQPG/?igshid=MzRIODBiNWFIZA==>



Оқушы мен ата – аналарға қарым – қатынас мәдениеті мен қоршаған ортаға бейімделу, әдеп нормаларын ұғындыру мақсатында «Бала мен ата – ана қарым-қатынасы» тақырыбында лекция оқылды.

Көркем-эстетикалық тәрбие саласына отандық мәдени жетістіктерді – кітаптарды, қол өнер бұйымдарын, Ұлы дала мұрагерлерінің өткен мыңжылдықтағы халық ауыз әдебиетінің үздік үлгілерін насихаттау мақсатында, өткізілетін іс-шараларды жатқызуды болады. Оқушылар өте әсерлі көңіл-күймен үйге қайтты. Мектепте апталықтар аясында, мерекелік іс-шараларда көріністер, қойылымдар қойылады. Мектеп ұжымы оқушыларды Петропавл қаласында орналасқан Абылай хан резиденциясына, Өлкетану мұражайына саяхатқа апарды. Оқушылардың Мектепте көркем еңбек пәні мұғалімдері жыл сайын оқушылар арасында қолөнер бұйымдарынан көрме ұйымдастырады, қыз балалар тағам дайындап сатса, ұл балалар қолдан бұйымдар дайындап жәрмеңке ұйымдастырып, ата-аналарды, мектеп қызметкерлерін шақырады.



<https://www.instagram.com/p/CkgNOIUNVoX/?igshid=MzRIODBiNWFIZA==>

Сегізінші бағыт - Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты

Мақсаты: Салауатты өмір салты, дене дамуы және психологиялық денсаулық сақтау дағдыларын, денсаулыққа зиян келтіретін факторларды анықтау біліктілігін ойдағыдай қалыптастыру үшін кеңістік орнату.

Денсаулық күніне орай 5-9 сынып оқушылары арасында салауатты өмір салтын қалыптастыру, денсаулықты нығайту, көңіл күйді көтеру, сыныппен бірге ұйымшылдықты сезіну мақсатында «**Көңіл күй және денсаулық**» тақырыбында флэш-моб байқауы ұйымдастырылып өткізілді. 5-7 сыныптар арасында футбол жарысы ұйымдастырылды. Сондай-ақ тоғызқұмалақтан және шахматта жарыстар өткізілді. Күзгі марафон ұйымдастырылып өткізілді. Мектеп оқушыларын салауатты өмір салтын қалыптастыру мақсатында алдымен оларды дене тәрбиесі сабағына қызықтырып, спорттық үйірмелерге тарту жұмыстары жүргізілді.

Жас ұрпақтың салауатты өмір салтын қалыптастырудағы ой өрісін дамыту, зиянды әдеттерге еліктеудің, қызығудың өмірлеріне қауіп тудыратынын ескерту мақсатында мектеп психологі Г.Р. Тугумбаева, медбике Б.Т. Баймолдина "Нашақорлық- ғасыр дерті" тақырыбында тәрбие сағаты өтті. Оқушыларға зиянды заттардың зардабы жайында бейне роликтен және эксперимент жасау арқылы жасап көрсетті.



Мектебімізде салауатты өмір салтын жандандыру, сол бағытта жұмыс жүйесін құру оң бағытқа қойылған. Оқушыларды спорттық ойындарға бейімдеу, денсаулықтарын жақсарту, қызығушылықтарын арттыру. Дене шынықтыру жаттығулармен өз бетінше шұғылдануға, этикалық және эстетикалық тәрбие беру.

Дәрумендер пайдасына арналған іс шара сілтемесі.

<https://www.instagram.com/p/CIAGs7BDW2g/?igshid=MzRIODBiNWFIZA==>



Мектеп оқушылары арасында ұлттық ойындар, көңілді старттар, баскетбол, волейбол, пионербол, шахмат ойындары өткізілді. Таңертең 1-4 сынып оқушылары «**Таңғы жаттығулар**» жасады. 7 және 9 сыныптар «**Біз спортты таңдаймыз**» атты флешмоб дайындалды.



<https://www.instagram.com/p/CmbCzrQtQ0r/?igshid=MzRIODBiNWF1ZA>==

Егер болашақ ұрпақтың денсаулығын ойласақ, парасаттылыққа, адамгершілікке, сауаттылыққа осындай сана арқылы тәрбиелеген озық ойлы үлгілерді қазіргі кездегі мектептегі оқу-тәрбие үрдісіне пайдалану өмірдің өзекті мәселесі болуы тиіс. Әр оқушының жан-жақты дамуына жағдай жасау- әр мектептің, әрбір ұстаздың, әрбір ата-ананың парызы деп білуге болады. Салауатты өмір салты дегеніміз – әрбір жеке адамның өнімді еңбек етіп, тұрмыс құруы, бос уақытында дем ала білуі, қысқасы, адамның күнделікті дұрыс қалыптасқан өмір тіршілігі. Сонымен еліміздің кез-келген азаматы салауатты өмір сүру үшін парасатты, зерделі, білімді, салауатты болуы маңыздылық танытады. Шәкәрім атамыз «адамның жақсы өмір сүруіне үш сапа негіз бола алады, олар барлығынан басым болатын – адал еңбек, мінсіз ақыл, таза жүрек», - деген еді. Көзге көрінбейтін нәзік сезімді, аса құнды қасиеттерді жүректен жүрекке жеткізу шебер тәлімгердің ғана қолынан келеді. Біздің тәрбие бастамамыздың негізі салауатты өмірге жас жеткіншектерді баулу, оны қалыптастыру. Жастарымыздың жүзінен күлкі, жүрегінен жалын, саналы сезім төгілсе онда ұрпағымыздың денінің саулығы. Еңселі егеменді еліміздің ертеңінен үлкен үміт күтеміз. Жастардың денсаулығы, жігері, қайраты, білімі егемендігіміздің беделі, еліміздің мақтанышы болмақ.

Қорытындылай келе, тәрбие жұмысының мықты жақтары мен әлсіз тұстары талданып, қауіп пен мүкіндіктер анықталды:

Мықты жақтары:

- 1) Мектепте мұғалім мен оқушы арасында ынтымақтастық ортаның қалыптасуы;
- 2) Негізгі 8 бағыт бойынша жұмыстардың толық қамтылып, ұйымдастырылуы;
- 3) Оқушылардың өткізілген іс-шараларға толық қамтылмауы;
- 4) Сынып сағаттарының кесте бойынша уақытылы өткізілуі.

Әлсіз жағы:

- 1) Патриоттық сезімнің жекелеген оқушының бойында әлсіздігі;
- 2) Отбасылық тәрбие, ұлттық тәрбиедегі оқушыларға тағы да қамтылуы аз болғандығы

Мүмкіндіктері:

- 1) Атаулы даталарға оқушылардың көптеп қатысуы.
- 2) Ашық сынып сағаттарын жиі өткізу.
- 3) Ұл балалармен жұмыс жүргізу
- 4) Ата-аналармен тренингтер, оқыту семинарын ұйымдастыру

5) Мектептің қоғамдық жұмыстарына белсенді қатысу.

Қауіптері:

- 1) Сапасы төмен бұқаралық ақпаратқа және интернет-сайттарға жақын болуы.
- 2) Отбасы тәрбиесінің төмендеуі.
- 3) интернет желісінің нашар болуы

Ұсыныс:

1. Оқу жылында ҚР үздіксіз білім беру жүйесіндегі тәрбие тұжырымдамасы негізінде тәрбие жұмысын жандандыру;
2. Аталған тәрбие жұмысы оқу жылында тақырыбы жалғастырылсын.
3. Жас жеткіншектердің өмірге деген сүйіспеншіліктерін, салауатты өмір салтына қалыптастыру, патриот, қайырымды, адамгершіл, еңбекқор болуға тәрбиелеу;
4. Сынып жетекшілердің мәдени қабілетін, психологиялық, педагогикалық шеберлігін көтеру мақсатында жұмыстарды жүйелендіру;
5. Оқушылардан өзіндік пікірі, сыни тұрғыдан ойлаулары қалыптасқан, жан-жақты, жеке тұлға қалыптастыру.

Мектеп директорының ТІЖО: Б.В. Акпарова